

## 2010 жылғы 1 желтоқсандағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары


Он бір ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 126 090,6<sup>1</sup>млн. теңгені құрады, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемнен 26,2% -ға көп.

### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.12.2009г.		1.12.2010г.		1.12.2009 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	99 942,3	100,0	126 090,6	100,0	26,2
Міндетті сақтандыру	28 355,6	28,4	33 437,2	26,5	17,9
Ерікті жеке сақтандыру	19 960,2	20,0	31 430,2	24,9	57,5
Ерікті мүліктік сақтандыру	51 626,5	51,6	61 223,3	48,6	18,6

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 17,9%-ға артып, ерікті жеке сақтандыру бойынша 57,5%, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша ұлғаю 18,6%-ы құрады.



2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 58,4% (19 512,0 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 32,5% (10 861,2 млн. теңге) қызметкердің еңбек

(қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 2,6% (865,4 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 6,5% түскен.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 19,0% (5 978,2 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша - 29,7% (9 324,3 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 4,8% (1 501,6 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 46,5% (14 626,1 млн. теңге) болып келеді.

<sup>1</sup> Көрсетілген сомада қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сыйлықақылар есепке алынбаған.


**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша – 9,7% (5 943,5 млн. теңге) мүлікті сақтандыру бойынша (автомобиль, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 47,7% (29 236,7 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 24,4% (14 953,6 млн. теңге), және басқалар бойынша – 18,2% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

млн. теңге

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.12.2009 ж.		1.12.2010 ж.		1.12.2009 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	99 942,3	100,0	126 090,6	100,0	26,2
Өмірді сақтандыру	8 233,0	8,2	16 127,7	12,8	95,9
Жалпы сақтандыру	91 709,3	91,8	109 962,9	87,2	19,9

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 16 127,7 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 95,9% көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күні 2009 жылғы 1 желтоқсандағы 12,8%-ға қарсы 8,2% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің құрылымы, %



**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2010 жылдың қаңтар – қараша айлары ішінде жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 109 962,9 млн. теңге болды, бұл 2009 жылғы осындай кезеңге қарағанда 19,9%-ға көп.

### Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 53 335,3 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 42,3%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 38,1%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 11 458,1 млн. теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 6 297,1 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.12.2009г.		1.12.2010г.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	48 996,0	49,0	53 335,3	42,3
резидент еместерге	42 329,5	42,3	48 012,0	38,1
резиденттерге	6 666,5	6,7	5 323,3	4,2
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	10 787,9	10,8	6 297,1	5,0

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %




Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 87,0%, міндетті сақтандыру бойынша – 10,7%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 2,3%, сыйлықақылар иеленді.

### Сақтандыру төлемдері

2010 жылғы 11 ай ішінде жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 8,7%-ға кеміп, 23 080,8<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 15,3% (3 526,2 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдерінің құрылымы, %



млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	1.12.2009ж.		1.12.2010ж.		1.12.2009 ж. салыстырғанда өзгерістер, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	25 285,2	100,0	23 080,8	100,0	-8,7
Міндетті сақтандыру	7 128,9	28,2	8 845,0	38,3	24,1
Ерікті жеке сақтандыру	7 704,5	30,5	11 818,2	51,2	53,4
Ерікті мүліктік сақтандыру	10 451,8	41,3	2 417,7	10,5	-76,9

2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 46,8% (4 142,1 млн. теңге), қызметкердің

еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 43,5% (3 845,6 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 9,1% (808,6 млн. теңге) және басқалар бойынша – 0,6% болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 51,4% (6 079,8 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 4,0% (471,0 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 43,4% (5 132,5 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 1,1% (134,9 млн. теңге) болды;

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – 19,8% (477,9 млн. теңге) қаржылық ұйымдарды шығындардан сақтандыру бойынша (заемдарды сақтандыру, ипотекалық сақтандыру, кепілдік және кепілгерлік сақтандыру, басқа да қаржылық шығындардан сақтандыруды қоспағанда), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 45,9% (1 109,7 млн. теңге), мүлікті (автомобильді, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) сақтандыру бойынша – 23,3% (562,2 млн. теңге), басқалар бойынша – 11,0% болды.

2010 жылғы 11 ай ішінде жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасында негізгі үлесті аурулардан сақтандыру бойынша - 26,3% төлемдер иеленді.

### Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 40 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 – өмірді сақтандыру бойынша), 13 сақтандыру брокері және 69 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.12.2009ж.	1.12.2010ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	42	40
өмірді сақтандыру бойынша	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	13	13
Актуарийлер саны	63	69

Есепті күнге 28 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

**Капитал.** 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 205 528,7 млн. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	1.12.2009ж.	1.12.2010ж.	млн. теңге	
			1.12.2009ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен	
Жиынтық активтер	298 330,6	333 426,3		11,8
Міндеттемелер	116 159,0	127 897,6		10,1
оның ішінде сақтандыру резервтері	99 718,3	112 489,4		12,8
басқа да міндеттемелер	16 440,7	15 408,2		6,3
Меншікті капитал (баланс бойынша)	182 171,6	205 528,7		12,8

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2010 жылғы 1 желтоқсанда 333 426,3 млн. теңге болды, бұл 2009 жылғы 1 желтоқсандағы осындай көрсеткіштен 11,8%-ға көп, оның ішінде:


Активтер	1.12.2009ж.		1.12.2010ж.		1.12.2009 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	12 893,7	4,3	26 378,4	7,9	в 2 раза
Орналасырылған салымдар	73 279,5	24,6	71 735,2	21,5	-2,1
Бағалы қағаздар	124 996,4	41,9	148 944,4	44,7	19,2

"Кері РЕПО" операциясы	9 260,1	3,1	6 586,3	2,0	-28,9
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	16 848,9	5,6	13 351,7	4,0	-20,8
Негізгі қаражат	4 409,0	1,5	5 094,7	1,5	15,6
Қайта сақтандыру активтері	40 590,4	13,6	43 316,9	13,0	6,7
Басқа дебиторлық берешек	11 441,3	3,8	13 298,1	4,0	16,2
Басқа активтер	4 611,3	1,6	4 720,6	1,4	2,4
<b>Активтер жиынтығы</b>	<b>298 330,6</b>	<b>100,0</b>	<b>333 426,3</b>	<b>100,0</b>	<b>11,8</b>

**Міндеттемелер.** 2010 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 127 897,6 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 10,1%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 112 489,4 млн. теңге болды, бұл 2009 жылғы 1 желтоқсанда қалыптасқан резервтердің көлемінен 12,8%-ға көп.

Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы млрд. теңге



### Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қарастырып отырған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғаюы және сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің кемуі байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 39,0%-ы және сақтандыру төлемдерінің 33,0%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компанияларының үлесі 52,7%-ды құрайды.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	1.12.2009ж.	1.12.2010ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	45,2	39,0
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	65,6	51,5
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	53,6	33,0
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	73,3	40,0
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	52,5	52,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	59,7	62,7

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	1.12.2009ж.	1.12.2010ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	15 986,5 <sup>3</sup>	19 303,6 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,62 <sup>4</sup>	0,65 <sup>4</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,14	1,06
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,87	1,73
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен <sup>5</sup>	6 326,5	7 788,3

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>3</sup> – деректер ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайтынан алынған (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысында (Үкіметтің 26.08.2008 жылғы № 32 отырысының хаттамасы) мақұлданған Қазақстан Республикасының 2009-2013 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуын және бюджеттік параметрлерін болжамдаудағы өзгерістерге сәйкес).

<sup>4</sup> – 2010 жылғы қаңтар - қараша айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары.

<sup>5</sup> – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқының саны 01.09.2010 жылы 16 189 667 адамды құрады.